


Ерік және сезім ПСИХОЛОГИЯСЫ

Орындаған: 6М011600-География
мамандығының
I-курс магистранты **Нұрман**
Ермұхан


Эмоция адамның психикалық өмірінде ең алғаш пайда болды және бала эмоцияның арқасында психикалық өмірге бейімделеді. Демек, баланы әлеуметтік айналамен эмоция ғана біріктіреді.

Адамдардың рухани өміріндегі ұят, қуаныш, үрейлену, таң қалу т.б. түрлі уайымдар бір-бірін өзара орын ауыстырумен толықсуын эмоция деп атаймыз.

Эмоциялар адамға оның қажеттілігінің күйі туралы сигнал беріп тұрады. Бір нәрсеге деген мәжбүрлік өзектілігінен, сәйкесінше эмоциялық күйзелістер (ашығу, қызығу) туады. Олар қажеттіліктер деп аталады. Қажеттіліктің күйіне байланысты күшеюі, азаюы, мүлдем жоғалып кетуі, белгісі бойынша қарама-қарсыға ауысуы мүмкін. Қажеттіліктің өмір сүруінің эмоциялық негізі мен субъективті формасын құрайды.



Эмоциялар адамның физиологиялық функцияларына өте қатты әсер етеді, себебі эмоция олармен қосылып ортақ психофизиологиялық жүйені құрайды. Сондықтан да эмоциялар әрқашанда ағзаның азды-көпті өзгерістерімен бірге жүреді. Физиологиялық функцияларды эмоция арқылы реттеу мүмкіндіктері өте көп. Олар әртүрлі бағытта ондаған, жүздеген есе өзгеруі мүмкін: күшеюі, әлсіреуі, тіптен толық өшіп қалуға дейін, жақсаруы, паталогияға дейін нашарлауы, жылдамдауы, баяулауы және т.б. Көптеген аурулар және уақытынан бұрын қартаю немесе жасару эмоциялық негізде пайда болады.



Қуаныш эмоциясы адамның мүмкіншіліктері және негізгі тұлғалық қасиеттерін жүзеге асыруда пайда болады. Қоршаған әлеммен және басқа адамдармен, өзімен қанағаттану сезімімен және өмірге қанағаттану күйі. Оптимизм және мүмкіншілігін кеңейту күштің көбею сезімінен байқалады.

Ерік деп адамның өзінің психикасы мен қылықтарын саналы басқару қабілетінен көрінетін қасиетті атайды. Еріктің арқасында адам өз қалауы бойынша, саналы ұғынылған қажеттіліктен шыға отыра, алдын ала ойлаған, жоспарлаған әрекеттерін жүзеге асыра алады. Ерік белгіленген мақсатқа жету жолында адам бойын кернеген эмоция мен сезімдерді тежеп отыратын, қуаныш пен қызығу тудырмайтын, алайда қажетті іс үшін жағымды жайттардан бас тартуға мәжбүрлейтін мінез-құлықтың реттеуші қасиеті боп табылады.



Мақсатты ұғыну. Адам мінез-құлқының стимулдары сан алуан.

Мұндайлар: ашығу, шөліркеу сияқты физиологиялық қажеттіліктер, ауа жұту, дем алу, ұйықтау қажеттіліктері, басқа адамдармен араласу, білімге, көңіл көтеруге құмарлық тәрізді әлеуметтік қажеттіліктер бола алады. Қажеттіліктерді саналы ұғыну дәрежесіне байланысты *елігу және тілек* деп бөледі.



Батылдық. Мақсатты таңдау мен оған жету жолын анықтаудың шапшаңдығы мен ақылға сайлығынан көрінетін жеке адамның еріктік қасиеті *батылдық* деп аталады. Батыл адам әрекет мақсаттары мен оларға жету тәсілдерін жан-жақты және терең ойлап, қабылданатын шешімнің маңызын түсініп, олардың мүмкін болар нәтижесі жөнінде өзіне-өзі есеп беріп отырады.

***Назар аударғандарыңызға
рахмет!***